

Қ.Н. Мысаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: myssayeva.kn@gmail.com

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУ

Бұл ғылыми зерттеуде Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында цифрлық технологияның қарқынды дамуымен бірге айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған журналистік білім беру саласына шолу жасалады. Журналистика факультетінде оқу бағдарламасының цифрлық ғасыр талабына сәйкес бейімдеудің маңыздылығын атап өтеді. Журналистиканың қарқынды даму тенденциясына сәйкес болашақ кәсіби журналистерді даярлауда студенттерге тек білім берумен шектелмей, сонымен бірге тез өзгеретін әлемде жұмыс істеуге қажетті құралдарды меңгеруіне көбірек мән беру керектігі айтылады. Қазақстанның журналистика саласындағы білім берудегі ең маңызды мәселелерге, яғни студенттерді ғылыми зерттеуге бейімдеу, оларды оқыту әдістемесін жетілдіру және мансапқа қол жеткізуге қажетті алғышарттарды анықтауға ерекше тоқталады. Мұның басты себебі – бұл журналистика нарығындағы сұранысқа сай маман ұсыну талабынан туындаған мәселелер.

Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты – журналистік білім беру саласының 30 жылдағы даму динамикасына шолу жасау және заманауи мәселелерін айқындау.

Ғылыми әдістемесі ретінде осы тақырыпқа қатысты жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасаумен қатар, Internews Халықаралық ұйымының медиақоғамдастықтың ақпаратты тұтыну қажеттілігіне жасалған зерттеуінің деректеріне және студенттер арасында осы ғылыми еңбектің авторы жүргізген сауалнама нәтижелері алынды.

Зерттеу барысында анықталғаны білім беру жүйесіндегі өткен реформалардың сәтсіз тұстарын ескере отырып, журналистік білім беруде жаңа реформалар жасау қажет. Журналистік білім беруде жаңа цифрлық технологияларды меңгерту оқу бағдарламаларын медиа нарыққа сай бейімдеу қажет.

Журналистік білім беруде оқу бағдарламалары кәсіби тәжірибені ескере отырып оқытуды ұсынуы керек және студенттер соңғы курста жұмысқа тұрып кетуі үшін оқу орындары өндіріспен жақсы байланысты қамтамасыз етуі тиіс.

Түйін сөздер: Қазақстан, тәуелсіздік, журналистика, журналистік білім беру.

K.N. Myssayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

e-mail: myssayeva.kn@gmail.com

Journalism education during the Independence years of Kazakhstan

This study provides an overview of the field of journalism education in Kazakhstan, which has undergone significant changes over the years of independence with the rapid development of digital technologies. Emphasizes the importance of adapting the curriculum of the Faculty of Journalism to meet the demands of the digital age.

In line with the development of modern journalism, the training of future professional journalists should be aimed not only at educating students, but also at mastering the tools necessary to work in a rapidly changing world. Particular attention will be paid to the five most important issues in the field of journalism education in Kazakhstan, namely, adaptation of students to scientific research, improving their teaching methods and identifying prerequisites for a professional career, studying the development of social networks and artificial intelligence. The main reason to focus on these pressing issues is the need to train professionals to meet the needs of the media market.

The main purpose of the study is to analyze the dynamics of the development of journalism education over 30 years and identify current problems in this area.

As a scientific method, in addition to the analysis of scientific works on this topic, data from a study conducted by the international organization Internews-Kazakhstan on the need for information in the media community, as well as the results of a survey conducted among students by the author of this article.

The study showed that new reforms in journalism education are needed, given the failures of past reforms in the media education system. Mastering new digital technologies in journalism education

requires adapting curricula to the media market. Curricula for journalism education should provide for learning based on professional experience, and educational institutions should ensure that theory, practice, and production are well connected so that students can get jobs in their final year.

Key words: Kazakhstan, independence, journalism, journalism education.

К.Н. Мысаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: myssayeva.kn@gmail.com

Журналистское образование в годы Независимости

Исследование представляет собой обзор сферы журналистского образования в Казахстане, которая претерпела значительные изменения за годы независимости в связи с быстрым развитием цифровых технологий. Автор статьи подчеркивает важность адаптации учебной программы факультета журналистики в соответствии с требованиями цифровой эпохи. Подготовка будущих профессиональных журналистов, согласно современному уровню развития журналистики, должна быть направлена не только на обучение студентов, но и на освоение инструментов, необходимых для работы в быстро изменяющемся мире. Особое внимание уделено пяти наиболее важным вопросам в области журналистского образования в Казахстане, а именно, адаптации студентов к научным исследованиям, совершенствованию методов их обучения и выявлению предпосылок для профессиональной карьеры, изучению развития социальных сетей и искусственного интеллекта. Основная причина сосредоточиться на этих актуальных вопросах – необходимость подготовки специалистов, отвечающих потребностям медиарынка. Целью исследования является анализ динамики развития журналистского образования в течение 30 лет и выявление текущих проблем в этой сфере. В качестве научного подхода, в дополнение к анализу научных работ по этой теме, приводятся данные исследования международной организации «Интерньюс-Казахстан о необходимости информации в медиасообществе, а также результаты опроса среди студентов, проведенного автором данной статьи. Исследование показало, что необходимы новые реформы в журналистском образовании, учитывающие неудачи прошлых реформ в системе медиаобразования. Освоение новых цифровых технологий в журналистском образовании требует адаптации учебных программ к медиарынку. Учебные программы журналистского образования должны предусматривать обучение, основанное на профессиональном опыте, а образовательные учреждения должны обеспечивать хорошее соединение теории с практикой, с производством, чтобы студенты могли получить работу в последний год обучения.

Ключевые слова: Казахстан, независимость, журналистика, журналистское образование.

Кіріспе

Соңғы 30 жылда журналистика мен журналистік білім беру цифрлық технологияның қарқынды дамуымен бірге айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Цифрлық форматқа көшу кезеңінде кәсіби журналистиканы қалыптастырудың басты тетігінің бірі – журналистік білім беру бағдарламасын болашақтың болжамына сай дайындау болды. Бүгінде журналистика – жыл санап емес, ай сайын өзгеріп отыратын мамандық. Сондықтан маман даярлауда студенттерге тек білім берумен шектелмей, сонымен бірге тез өзгертін әлемде жұмыс істеуге қажетті құралдарды меңгеруіне көбірек мән беру керек.

Қазақстанның журналистика саласындағы білім берудегі ең маңызды бес мәселеге ерекше тоқталуға болады. Тек бес мәселеге тоқталудың басты себебі – бұл журналистика нарығындағы сұранысқа сай маман ұсыну талабынан туындаған мәселелер.

Ең алдымен, қазіргі журналистикадағы басты тенденция – ақпаратты санмен өрнектеу тиімді деп сенеді. Мәселен, қазақ тіліндегі «Айқын», «Егемен Қазақстан» мен «Ана тілі» секілді ұлттық басылымдардың соңғы нөмірлерінің алғашқы бетінен «10 өңірде дауылды ескерту жарияланды: ТЖМ қазақстандықтарға үндеу жасады», «Қаржы пирамидасының басшысынан 70 млн теңге өндірілді», «Елбасының жеті тұғыры» деген секілді жаңалықтарды жиі кездестіреміз. Интернет платформаларда да ақпараттарды санмен беру арқылы көп оқырман жинаймыз деген пікір қалыптасқан және олар сандар арқылы оқиғада берілген мәліметтерді дәлелдеуге тырысады. Мысалы, «Сөзіміз дәйекті болу үшін *сандарды сөйлетеіік*» (<https://egemen.kz/article/253528-zhol-apaty-nege-kop>) немесе «Сараптама салмақты шығу үшін *сандарды сөйлетеіік*» (<https://abai.kz/post/40608>) т.б.

Сондықтан, дата журналистиканы оқытудың өзектілігі қазіргі кездегі күн тәртібіндегі

негізгі мәселелердің бірі. Сонымен бірге ақпараттық технологияның көмегімен үлкен деректер базасын дұрыс пайдалана білу студенттің болашақта кез келген медиада жұмыс істеуіне берілетін үлкен мүмкіндік. Себебі, осы салада елімізде білікті мамандар әлі де болса тапшы.

Зерттеу нысаны мен әдісі

Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты – журналистік білім беру саласының 30 жылдағы даму динамикасына шолу жасау және заманауи мәселелерін айқындау.

Журналистік білім беруде жаңа цифрлық технологияларды меңгерту оқу бағдарламаларын медиа нарыққа сай бейімдеу қажеттілігінен туындауда. Зерттеуші М. Доде журналистік білім беру түсінігін күрделендірмеу үшін тәжірибе мен академиялық саланы екіге бөлмей бірге алып қарастыру керек екенін ескертеді (Deuze, 2006: 22).

Жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды енуі аясында Қазақстанда журналистік білім беруді дамытудың басымдықтары өзгерді. Сонымен қатар, ұлттық ерекшеліктерді, қоғамның тарихи, мәдени ерекшелігін, сондай-ақ ғаламдастыру кезеңіндегі республикадағы білім берудің даму ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Медианарықтағы жаңа трендтердің әсерінен ғаламдық және цифрлық технологиялық басымдықтар, қажеттіліктер, қызметтер мен аудиторияның қабылдауы өзгерді. Журналистік білім беруді жаңа медианың даму динамикасына сәйкес ұйымдастыру және ақпараттық технологиялар мен интернеттің дамуының жаңа артықшылықтарын тез меңгеруге бейімдеу маңызды. Студенттердің білім беру жүйесіне деген көзқарасын анықтауға бағытталған социологиялық зерттеулеріміз де соған дәлел.

Ғылыми еңбектің әдістемесі ретінде осы тақырыпқа қатысты жазылған ғылыми еңбектерге талдау жасаумен қатар, Internews Халықаралық ұйымының медиақоғамдастықтың ақпаратты тұтыну қажеттілігіне жасалған зерттеуінің деректеріне және студенттер арасында осы ғылыми еңбектің авторы жүргізген сауалнама нәтижелері алынды.

Әдебиетке шолу

Әлемдік ғалымдар Қазақстандағы журналистік білім беруді Орта Азия елдерімен салыстыра зерттеген. Соның ішінде журналистикадағы қиындықтар мен мүмкіндіктерді сипаттайтын Kenny and Gross (2008) Орталық Азиядағы бағдарламаларды салыстыра қарастырса, профессор Freedman (2007) Қырғызстандағы 2005 жылы болған қызғалдақ төңкерісі журналистік

білім беруге өзгерістер әкелгенін жазады. Ал, Skochilo, Toralieva, Freedman мен Shafer (2012) батыс үлгісінің ықпалы қандай болмақ деген сауалға жауап іздесе, Freedman мен Shafer (2013) оқу бағдарламалары әлі күнге ескі кеңестік жүйеде сақталған деп көрсетеді.

Десек те, ғалымдар Қазақстанда болашақ журналистерді дайындау ішінара технологиялық дамуға байланысты өзгеріп отырғанына да тоқталады. Мәселен, 2011 жылы АҚШ ғалымдары М. Немечек пен С. Кеттерер және отандық профессор Ғ. Ибраева мен жас ғалым С. Лос (2011) журналистика факультетінің қазақ тілді оқытушыларынан алған сұхбатының нәтижелерінде университеттің сол кездегі оқу бағдарламалары заман талабына сәйкес келмейді деген қорытынды жасаған. Олар осы зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, жаңа дәуірдің болашақ мамандарын дайындау үшін қоғамға қызмет ететіндей оқу бағдарламаларын жасау қажеттігін атап көрсетеді.

Ал, кейбір зерттеулерде кездесетін пікірлердің бірі – ақпарат құралдары журналистика факультетін бітіріп шыққан маманды қайта даярлауда, себебі, студенттік кезеңде олар жеткілікті тәжірибе жинақтамаған. 2019 жылы IREX (2019) жүргізген зерттеуде құрамына журналистика кафедрасының меңгерушілері, тәжірибелі журналистер мен медиа менеджерлері кіретін «Журналистика» клубының құрылуына осындай себептер негіз болғанын атап айтады. Клубтың мақсаты – журналистикадағы білім беру бағдарламаларын жақсарту. Оқу жоспарына қойылар басты талап ретінде оқу бағдарламаларының пәндері көп жағдайда журналистиканың қоғамға әсеріне назар аударса, ал кейбіреулері жазу, бейне түсіру, монтаждау секілді практикалық дағдыларға баса назар аударады.

Қазақстандағы журналистік білім берудің 2015-2018 жылдар аралығындағы динамикасын зерттеуші Ү. Озер, М.Кх. Саудбайев (2020) елдегі 4 жоғары оқу орнының оқу бағдарламаларына талдау жасай келе, оларды мазмұнына сай былайша бөліп қарастырады:

1. Теорияға бағытталған оқу үрдісі.
2. Практикаға бағытталған оқыту.
3. Тарихи білім.
4. Публицистика және әдебиет.

Осы зерттеуде 4 ЖОО-да оқытылып жатқан кәсіптендіру пәндері 4 санат бойынша қарастырылған:

- а) Кредит мөлшері мен пән саны арақатынасы
- ә) Оқытылатын пәндердің курс фокусы

б) Курс тақырыбы немесе бағыты

в) Арнайы құрал немесе техника қолдануды қажет ететін пәндер.

Алайда, зерттеуші бұл зерттеу жұмысының оқу үрдісі сапасын анықтауға негіз бола алмайтынын атап көрсетеді. Себебі бұл зерттеуде тек пән атаулары мен элективті пәндер каталогына назар аударылған.

Қазіргі кезде Қазақстанда Журналистика саласына маман дайындайтын 25 жоғары оқу орны бар (Ozer, Saudbayev, 2020). Сонымен бірге университеттерден бөлек, бірнеше халықаралық және отандық үкіметтік емес ұйымдар қысқа мерзімді курстар мен тренингтер ұйымдастырады.

XXI ғасыр журналистиканың тек білім беру жүйесіне ғана емес, сонымен қатар, кәсіби тәжірибесінде көптеген қиындықтарды, мүмкіндіктер мен өзгерістерді алып келді. Цифрлық технология төңкерісі тіпті журналистердің Интернеттегі өз шығармалары мен басқа да мазмұндарының сапасын көру және бағалау тәсілін өзгертті (Anderson, 2011; MacGregor, 2007; Ву, 2014). Бұрыннан қалыптасқан баспаның таралымы мен оны алу жылдамдығы сияқты дәстүрлі мәліметтер көрсеткіші журналистерге олардың онлайн аудиториясы туралы ақпарат бере алмайды. Бұл олардың дәстүрлі баспасөз оқырмандарының талабымен толық немесе мүлдем сәйкес келмеуі мүмкін екенін аңғартады. Бүгінгі күні желілік аудиторияларды әртүрлі веб-метрикалармен өлшенетін демографиялық көрсеткіштер арқылы концептуализациялауға болады – бет көріністері, ай сайынғы белсенді пайдаланушылар, тұрақты тұтынушылар, бір рет көрілген беттер, сайттағы уақыт, әлеуметтік медиа және Google Analytics, Chartbeat, Facebook Insights, Sprout Social, Social Flow, Hootsuite, Tweetdeck және т.б. әртүрлі құралдар мен платформалар арқылы өзара әрекеттесу.

Әлемдік ғалымдар санды сөйлетуге қатысты әртүрлі пікір білдіреді. Мәселен, кейбірінің пікірінше, «Барлық ақпараттар жариялауға жарамды», яғни Интернет арқылы ұсынылатын және әртүрлі жаңа медиа платформаларында көрсетілетін жылжымайтын мүлік туралы цифрлық деректер түсініксіз көлемде жариялануы мүмкін, бірақ оларды журналистер жаңалыққа айналдыру үшін сол ақпаратты санмен көрсетуде қолданатын стандарттар мен процедуралар бар, сол арқылы сандар жаңа шындықты көрсетеді (Allan, 2006; Bivens, 2008; Singer, 2004) деп атап өтеді. Ал, кейбір

ғалымдардың пікірінше, бүгінде Интернет журналистика өз аудиториясына жауап беретін қажеттіліктердің саны мен түрлерін реттеп, көбейтуде (Dimmick, Chen, 2004). Қоғамда осындай стандарттар мен қажеттіліктер дамыған сайын журналистиканы кім дамытады және оның жарамдылығын немесе кәсіби құзыреттілігі мен тиімділігін қалай бағалауға болатыны туралы ортақ идеялар, пікірлер пайда болуда.

Brown, Ibrayeva (2019) зерттеуінде қазақстандық студенттердің журналистиканы меңгеру мотивтері талқыланады және бұрын журналистік білім саясатта немесе жазу саласында мансапқа негіз болса, қазір болашақ журналистер телевидениені жақсы көреді, бірақ басым көпшілігі онлайн ортаны маңызды деп санайды деген тұжырым жасайды.

Зерттеушілер Zargirova G., Kurambayev B. (2019) «Қазақстандағы журналистік білім беруге көзқарас» тақырыбындағы мақаласында Кеңес Үкіметі кезеңіндегі Қазақстан журналистика саласының біліміне сараптама жүргізу арқылы, ескірген оқу жоспарының олқылығы мен оның кәсіби журналистикаға ықпалын жан-жақты қарастырады. Сонымен бірге ғалымдар кәсіби мамандардың пікірін негізге ала отырып, «Еліміздегі журналистика біліміне қандай бағдарламаны енгізген дұрыс?» деген сұраққа жауап іздейді. Бүгінгі күнге дейін журналистік білім беруде толыққанды қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесі шешілмегенін айтады. Соның салдарынан студенттердің өз білімдерін тәжірибемен ұштастыра алмауын алға тарта келіп, зерттеу жұмысының нәтижесінде кәсіби мамандар мен болашақ журналистер жоғарыда айтылған өзекті мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.

Біздің зерттеу барысында студенттермен жүргізілген сауалнамада «Журналистика факультетінің оқу бағдарламасына қандай пәндер болу керек?» деген сауалға қатысушылардың басым көпшілігі (92,9%) деректермен жұмыс істеуге байланысты пәндердің болғанын қалайтынын атап көрсетті. Интернет порталдарда статистикалық деректерге сену қажеттілігі мен оны пайдалану туралы айтқанымен, бірақ оларды неліктен көбірек пайдалану керектігін түсіндірмейді. Алайда, басқа ақпараттарға қарағанда сандарды тексеру әлдеқайда жеңіл. Журналистикада деректер базасын пайдалану өзекті мәселе болғанымен, оның қалыптасқан аудиториясына толық зерттеу жасалмаған. Сондықтан, оның себебін, толық ашу әлі мүмкін емес. Мәселен, zhardem.kz/news/ порталы бұны

халықты ақпаратқа сендіру тәсілі ретінде көрсетеді:

«Өмірде өтіріктің үш түрі бар: жәй өтірік, арсыз өтірік және статистика» – деп айтқан екен Марк Твен. «Сандар өтірік сөйлейді, егер адамдар санаса» депті тағы бір ағылшын ойшылы. Бүгін біз жалаң сөзге сенбейміз, нақты статистикалық деректерге негізделген мәліметтерді шындыққа балаймыз. Ал ағылшындықтар болса, ең үлкен өтірік деп – статистиканы біледі. Қалай болғанда да барлық мемлекеттерде статистика жүргізетін агенттіктер мен комитеттер бар. Мемлекет басшылары да, билік органдары да, тіпті халық та сол агенттіктер ұсынған деректерге сенеді. Сол деректерге сүйене отырып, елдің болашақ даму жоспарын қалыптастырады. Иа, расында сандар сөйлегенде қалай сенбейсің?!» (<https://zhardem.kz/news/7477?sort=time>).

Қорыта айтқанда, болашақ журналистер сандарды сөйлете алуы үшін олардың деректер қорымен жұмыс істеу дағдылары мен зерттеу жүргізу әдіс-тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Негізгі бөлім. Талқы:

Ғылыми зерттеу

Соңғы 30 жылда білім беру жүйесінде жеткен жетістіктер мен түбегейлі өзгерістердің ең басты атап өтер мәселесі – студенттерді ғылыми зерттеуге бейімдеу. Журналистік білім беруде де студенттерді ғылымға баулу маңызды. Себебі, әлемдік медиадағы ең басты өзгерістердің бірі – сапалы эмпирикалық және теориялық зерттеулер жасау. Қазіргі таңда зерттеулер тарихты зерделеумен бірге, бүгінгі қоғам мен адамға қатысты болып жатқан өзгерістерді бақылап, зерттеу және соның нәтижелеріне сәйкес ұтымды ұсыныстар жасауға негізделуде.

Осы тұрғыдан алғанда, журналистік білім беруде университеттер ұсынатын керемет мүмкіндіктердің бірі – студенттерді ғылыми зерттеуге үйрету және оларды мәселенің алғышарттары, себеп-салдарын анықтаумен қатар, оны алға жылжытудың тиімді жолдарын анықтау арқылы қоғамға пайдалы ақпарат беру дағдысын қалыптастыру. Студенттерді дәуір тынысының өзгерісіне сай өз мамандығына қатысты туындаған мәселені зерттей алатындай етіп оқыту және оны қалай зерттеу керектігін үйрету маңызды.

Өкініштісі, Қазақстандағы журналистиканың болашағына болжам жасағанда журналистикадағы зерттеулерге жеткілікті деңгейде назар аударылмай келеді. Кез келген студент бірден зерттеумен айналыспауы мүмкін, бірақ егер біз болашақ журналистиканың үздік мамандарын

дайындағымыз келсе, олар ғылыми зерттеуді меңгеруі тиіс. Сол арқылы олар болашақта бәсекелестікке толы ортада сапалы маман болары сөзсіз.

Интернетті ақпарат құралы санатына қоспаған көптеген медиа оның ақпарат таратудағы рөліне байыпты қарамады. Ол тек көңіл көтеру ортасы деп таныды. Алайда, қазіргі кезде кез келген адам қарапайым ғана зат сақтып алу үшін Интернетке жүгінеді, жаңалықты әлеуметтік желілер арқылы жылдам алады. Интернет – әлемдік ақпаратты сақтайтын, тарататын, саралайтын сырлы сандық. Сондықтан, студенттерді ғылыми зерттеуді үйреніп ғана қоймай, оны осы әлемдік желі арқылы дұрыс тарата білуге дағдыландыру маңызды.

Студенттер және білім беру әдістемесі

Журналистік білім берудегі екінші мәселе – ақпараттық технологияны жете меңгерген, жаңа медианың талаптарына сай келетін және деректер базасымен жұмыс істей алатын болашақ маманды оқыту мен тереңдетілген білім беру. Жаңа цифрлық дәуірдің талабына сай студенттерге технологияны тек құрал ретінде емес, сапалы мазмұн жасауда дұрыс қолдануды меңгерту және оларға пайда әкелетін лайықты оқу бағдарламасын ұсыну.

Журналистік білім беруге тәжірибелі мамандар тарапынан айтылатын сындарда оқу бағдарламаларына жаңа медианы оқыту мен журналистік этиканы қосуға баса назар аударту қажеттілігін сипаттайды. Себебі соңғы кездері жалған ақпарат таралуының шексіздігі мен журналистер арасында кеңінен тараған этикалық мәселелер, соның ішінде біржақты ақпараттар, ақпарат құпиялылығын жиі бұзу, плагиат, сондай-ақ негізсіз айыптау немесе бір ғана ақпарат көзіне сену, т.б. бар.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарда білім беру саласы бұрынғы Кеңестік жүйені жалғастырды. Білім беру жүйесіндегі алғашқы тың серпіліс ретінде 2010 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы жоғары білімнің еуропалық бірегей кеңістігін жасайтын Болон үдерісіне қосылуын атап өтуге болады. Бұл білім мен ғылымның ұлтаралық қатынасы жолында Еуропалық білімге қол жетерлік жағдай туғызуға, білім сапасын арттыруға және студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының мобильдік деңгейін көтеруге мүмкіншілік тудыратын өте маңызды қадам болды. Ал, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары білім өресі биік

халқы бар ел ғана биік жетістіктерге жетеді деп атап көрсетеді. Осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызу қажеттілігі айтылған.

Қазіргі кезде Қазақстанда журналистика бойынша жоғары білім беру негізінен Болон үдерісінің талаптарына сай үш сатылық бакалавриат, магистратура, PhD бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары білім беру процесінде инновациялық дамудың ықпалы зор, оның құрамдас бөлігі ретінде заманауи университет қызметінің барлық салаларын қамтитын басқару жүйесі; оқу үдерісімен қатар ғылыми-зерттеу қызметі; Халықаралық байланысты жақсарту механизмдерін атауға болады.

Соңғы кездері тәжірибе көрсеткендей, білім беру мекемелері өздерінің басқару жүйесін, соның ішінде инновацияларға байланысты қызметті қалыптастыра отырып, өздерінің немесе бәсекелестердің тәжірибесі мен оған ықпалды ортаға негізделген сараптамалық-эмпирикалық тәсілдерді қолданады.

Қазақстандағы журналистік білім беруде оқыту бағдарламаларының траекториялары еңбек нарығына, яғни жұмыс беруші медиа нарықтың сұранысына біртіндеп бейімделуде. Бакалавриат деңгейінде журналистикадағы теория мен тәжірибені ұштастыру, ал, магистратура білім мен ғылымды ұштастыруға бағытталған. Осы тұрғыда шетелдік тәжірибеде өзгешеліктер бар. Мәселен, Ұлыбритания, Франция сияқты Еуропаның кейбір елдерінде журналистика саласында жұмыс істейтін басқа мамандық иелеріне журналистік шеберлік пен дағдыларды тереңдете үйрететін қысқа мерзімді магистратура бағдарламалары бар. Екіншіден, журналистика бағдарламалары арнайы Журналистерді даярлау жөніндегі Ұлттық кеңес немесе Теле-радио хабарларын тарату саласындағы журналист мамандарды даярлау жөніндегі кеңес сияқты салалық ұйымдарда аккредитациядан өтеді. Мұндай ұйымдарды негізінен жетекші медианың басшылары немесе бас редакторлары басқарады.

Соңғы кездері ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сай көптеген жаңа медиаға жаңадан бейімделіп келе жатқан дәстүрлі ақпарат құралдары тағылымдамадан өтуге келген студенттердің редакциядағы орта немесе үлкен буынға қарағанда жаңа технологияны жетік меңгергенін мойындауда. Десек те, жас маман технологияны жақсы меңгерумен қатар,

сапалы мазмұн жасай білуі міндетті. Себебі, онлайн медианың ақпарат тарату форматы мен жанры дәстүрлі ақпарат құралдарынан өзгеше екені түсінікті. Бірақ, алдағы 15-20 жылдан кейін қандай дағдылар мен білім қажет болуы мүмкін екенін әзірше ешкім айтып бере алмайды. Сондықтан, білім беруде осы мәселеге мұқият қарау керек.

Қазіргі кезде тәжірибелі мамандар журналист қызметі күнделікті өзгеріске ұшырап отырған мамандық екенін мойындайды. Бірақ, өткенге орала алмайды, болашақтағы даму технологияның жетістігіне мойынсұнып, соның талабына сай қызмет етеді. Сондықтан, алғашқы мәселе ретінде айтылған ғылыми зерттеуді меңгертуді, білім беру мен оқытуды жақсарту үшін және студенттер медиа нарыққа дайын маман болуы үшін медиасауаттылықты меңгеру, сыни тұрғыда ойлау, аналитикалық және тактикалық дағдыларға ие болуы керек.

Мансап немесе жұмыспен қамтылу

Білім беру жүйесінде, әсіресе жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингіден орын алуы үшін түлектердің жұмыспен қамтылуы маңызды рөлге ие. Осы тұрғыдан алғанда, журналистика факультетінде білім берудің үшінші мәселесі – студенттердің болашақта жұмысқа орналасуы мен мансапқа қол жеткізуі. Сондықтан, заманауи оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтарының бірі ретінде түлектердің тез жақсы жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ерекше назар аудару. Қазіргі таңда студенттер кәсіби мамандық әлеміне мүмкіндігінше тезірек енуді қалайды, себебі, студент кезден танымал болған жас маман басқаларға қарағанда тезірек жұмысқа тартылады. Frost пікіріне сүйенсек, оқу бағдарламалары кәсіби тұрғыдан оқытуды ұсынуы керек және студенттер соңғы курста жұмысқа тұрып кетуі үшін оқу орындары өндіріспен жақсы байланысты қамтамасыз етуі тиіс (Frost, 2019).

Сонымен, студенттер арасында жүргізілген сауалнамада «Қазақстанда журналист мансабына қол жеткізудің қандай мәселесі бар?», – деген сауалға студенттердің 73%-ы жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бірден жұмыс табудың қиын екендігін атап өтті. Заманауи журналистикадағы әлемдік тенденцияның бірі – жоғары оқу орындарында арнайы білім алмай-ақ кәсіби журналист бола алады деген пікір. 2019 жылы Қазақстандағы Internews халықаралық ұйымы АҚШ-тың Халықаралық даму жөніндегі ұйымы USAID-тің қаржылай қолдауымен «Қазақстандағы медиақоғамдастықтың тұтыну

қажеттілігіне» жүргізген зерттеуіне (Internews, 2019) қатысқан 131 журналистен 81 журналистің (59,6%) – арнайы кәсіби журналистік білімі жоқ болса, тек 55-і (40,4%) ғана арнайы журналистика факультетін бітіргенін айтады. Бұл қазіргі цифрлық дәуірде кез келген тұлға блоггер немесе әуесқой журналист бола алады деген пікірге нақты мысал бола алады. Сонымен бірге, осы зерттеуге қатысқандар білім беру жүйесіндегі өткен реформалардың сәтсіз тұстарын ескере отырып, журналистік білім беруде жаңа реформалар жасау қажеттігін айтады (Internews, 2019).

Әлеуметтік желілер және цифрлық технологияның ықпалы

XXI ғасырдың қоғам дамуына ықпалы зор құралдарының бірі – әлеуметтік медиа. Цифрлық ақпарат құралдарының көмегімен біздің сөзбен де, бейнемен де қарым-қатынас жасау қабілетімізге айтарлықтай әсер ететін басқа да технологиялық жетістіктер бар. Оның қарқынды дамуы салдарынан оған ілесу оңай емес. Сондықтан, студенттерге алдыңғы қатарлы құрал-жабдықтарға қол жеткізуді қамтамасыз етіп, оны дұрыс пайдалану жолдарын көрсетуге болады, бірақ, одан маңыздысы осы технологияны қалай пайдалануды сыни тұрғыдан бағалай білуі керек. Мысалы, электронды үкімет секілді ашық деректер базасы барлығына қолжетімді ақпаратты ұсынып отыр. Алайда, жеке тұлғаның ақпараттарының белгісіз адамдар немесе топтарға өз мақсаты үшін арнайы рұқсатсыз қолданылуына жол берілуі мүмкін. Немесе дрондар арқылы адам қолы жетпейтін жерлерден ақпарат жинау және оны ешбір келісімсіз Интернет немесе ақпарат құралдары арқылы тарату. Зерттеуші Frost мұндай тәсілдерді қолдануда қарастырылуы қажет күрделі этикалық мәселелер бар екенін атап өтеді (Frost, 2018). Осындай жолмен ақпарат алу, әрине, жеке өмірге қол сұғу болады. Сондықтан, болашақ журналистерге этиканың қыр-сырын жете меңгерту керек, өйткені технология біздің мүмкіндіктерімізді өзгертіп жатыр. Қарапайым кәсіби кодекс жеткіліксіз, біз код пен негізгі қағидаларды нақты өмір мысалында қолдану үшін журналистің кәсіби дағдыларына сүйене білуіміз керек, әсіресе олар технологияның өзгеруі нәтижесінде дамиды.

5. Цифрлық жаңашылдық: Жасанды Интеллект /Роботтар

Болашақта жасанды интеллект күнделікті өмірде қолданылуға көшеді және әлемде бірқатар елдерде жасанды интеллект стратегиясының ұлттық ерекшеліктерін ұсынады деген бол-

жамды да автор алға тартады. Осы тұрғыдан алғанда, қазір журналист роботтары да назар аударта бастаған тың дүние. ЖИ бүгінде дамыған елдерде әртүрлі ақпарат көздерінен деректер жинауға және оларды жылдам және дәл беру үшін пайдалануда. Олардың мүмкіндіктері әлі де айтарлықтай шектеулі болса да, бұл «робот журналистер» қаржы, спорт және ауа-райы туралы адамдарға қарағанда ақпаратты жылдам бере алады. Мәселен, Washington Post газеті 2017 жылдан бері өзінің Heliograf барлау технологиясын пайдаланып келеді және ол алғашқы жылында 850 мақала жариялаған. Кейбір зерттеушілер роботтарды журналистиканы алға жылжытудың құралы деп атайды. Себебі, роботтар репортерлермен салыстырғанда үлкен аудиторияларды қысқа уақытта ақпаратпен қамтамасыз ете алады. Жасанды интеллекті пайдалану осы негізгі оқиғаларды жариялауға, аудиторияны тартуға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, оқырман ақпаратты бақылай алатын дәуірде жақсы жұмыс істейді.

Сондықтан, студенттерге журналистік білім берудегі бесінші маңызды мәселе – цифрлық дәуірде пайда болған жаңа ақпараттық технологияларды жақсы меңгеру және жасанды интеллект/робот журналистердің қызметі мен оның даму ерекшелігіне болжам жасай білуге үйрету.

Қорытынды

Қазір журналистикада 60 жасқа дейін мансапқа қол жеткізе алу мүмкіндігі бар және студенттер болашақты болжауды, жалған ақпараттармен күресуді, өзгерістерді басқаруды және ненің маңызды және ненің өтпелі екенін анықтауды оқу ордасында үйренуі тиіс. Десе де, қоғамдағы ақиқатқа жету жолын тандаудан гөрі табысқа тез жетудің оңай жолын қарастыратындар да кездеседі.

Зерттеу барысында анықталғаны білім беру жүйесіндегі өткен реформалардың сәтсіз тұстарын ескере отырып, журналистік білім беруде жаңа реформалар жасау қажет. Журналистік білім беруде жаңа цифрлық технологияларды меңгерту оқу бағдарламаларын медиа нарыққа сай бейімдеу маңызды.

Оқу бағдарламалары кәсіби тәжірибені ескере отырып, оқытуды ұсынуы керек және студенттер соңғы курста жұмысқа тұрып кетуі үшін оқу орындары өндіріспен жақсы байланысты қамтамасыз етуі тиіс.

Соңғы кездері ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сай көптеген жаңа медиаға

жаңадан бейімделіп келе жатқан дәстүрлі ақпарат құралдары тағылымдамадан өтуге келген студенттердің редакциядағы орта немесе үлкен буынға қарағанда жаңа технологияны жетік меңгергенін мойындауда. Десек те, жас маман технологияны жақсы меңгерумен қатар, сапалы мазмұн жасай білуі міндетті. Себебі, онлайн медианың ақпарат тарату форматы мен жанры дәстүрлі ақпарат құралдарынан өзгеше

екені түсінікті. Бірақ, алдағы 15-20 жылдан кейін қандай дағдылар мен білім қажет болуы мүмкін екенін әзірше ешкім айтып бере алмайды.

Сондықтан, болашақ маманды бүгінгі дүние көкжиегінде ғана оқыту жеткіліксіз және біздің студенттеріміз болашақтағы жасанды интеллект дамыған әлемді көз алдарына елестете алатындай дағдыларды меңгеруі қажет.

References

- Allan, S. (2006). *Online news: Journalism and the Internet*. Maidenhead, UK: McGraw-Hill Education.
- Anderson, C. W. (2011). Between creative and quantified audiences: Web metrics and changing patterns of newswork in local US newsrooms. *Journalism*, 12(5), 550-566.
- Bivens, R. K. (2008). The Internet, mobile phones and blogging: How new media are transforming traditional journalism. *Journalism Practice*, 2(1), 113-129.
- Brown, M., & Ibrayeva, G. (2019). Why Study Journalism: Motivation of Future Kazakh Journalists. *Central Asian Journal of Social Sciences and Humanities*, 1, 35-45.
- Center for International Media Assistance. (2018). *Defending Independent Media: A Comprehensive Analysis of Aid Flows*. Retrieved from <https://www.cima.ned.org/publication/comprehensive-analysis-media-aid-flows/>
- Deuze, M. (2006). Global journalism education: A conceptual approach. *Journalism Studies*, 7(1), 19-34. doi:10.1080/14616700500450293
- Dimmick J., Chen L. (2004). Competition Between the Internet and Traditional News Media: The Gratification-Opportunities Niche Dimension. *Journal of Media Economics* 17(1):19-33
- Freedman, E. (2007). After the Tulip Revolution: Journalism Education in Kyrgyzstan. *Asia Pacific Media Educator*, 18, 172- 184.
- Freedman, E. & Shafer, R. (2012). Advancing a Comprehensive Research Agenda for Central Asian Mass Media. *Media Asia*, 39(3): 119-126.
- Frost C (2019) Being the best you can – journalism standards on the job in Anne Luce (ed) *Ethical Reporting of Sensitive Issues* London: Routledge
- Frost, C (2018) *Ethics for Social Media Journalism* in Mair, J; Clark, T; Fowler, N; Snoddy, R; and Tait, R (eds) *Anti-social Media? The Impact on Journalism and Society* London: Abramis pp110-116
- International Research and Exchanges Board. (2019). *Media Sustainability Index: Development of Sustainable Independent Media in Europe and Eurasia*. Washington, DC: IREX.
- Kenny, T. & Gross, P. (2008). Journalism in Central Asia: A Victim of Politics, Economics, and Widespread Self-Censorship. *The International Journal of Press/Politics*, 13(4), 515-525.
- MacGregor, P. (2007). Tracking the online audience: Metric data start a subtle revolution. *Journalism Studies*, 8(2), 280-298.
- Nemecek, M.; Ketterer, S., Ibrayeva, G., & Los, S. (2011). Journalism Education and Professional Training in Kazakhstan: From the Soviet Era to Independence. In E Freedman & R. Ozer Y, M.Kh. Saudbayev (2020). *Dynamics of journalistic education in regional Kazakhstani universities: based on 2015-201*. Al-Farabi Kazakh National University. *Herald of journalism*. Vol 3 No 61 (2021). p. 27-45
- Shafer (Eds), *After the Czars and Commissars: Journalism in Authoritarian Post-Soviet Central Asia* ((pp. 217-232). East Lansing, MI: Michigan State University Press
- Singer, J. B. (2004). More than ink-stained wretches: The resocialization of print journalists in converged newsrooms. *Journalism & Mass Communication Quarterly*, 81(4), 838-856.
- Skochilo, E.; Toralieva, G.; Freedman, E. & Shafer, R. (2013). Transplanting a Western-style Journalism Education to the Central Asian Republics of the Former Soviet Union: Experiences and Challenges at the American University of Central Asia in Kyrgyzstan. *Journalism & Mass Communication Educator*, 68(4), 409-420.
- Toralieva, G. (2014). *Kyrgyzstan-Challenges for Environmental Journalism*. In Y. Kalyango & D. Mould (Eds.), *Global Journalism Practice and New Media Performance* (pp. 214-226). Palgrave Macmillan.
- Zaripova G., Kurambayev B. (2019) How the journalism community in Kazakhstan views journalism education // *Вестник КазНУ. Серия Журналистики*, 3 (53), 83-90. 45

Electronic resource:

<https://aikyn.kz/172655/10-onirinde-dauyldy-eskertu-zhariyalandy-tzhm-kazakstandyktarga-undeu-zhasady/>
https://www.inform.kz/kz/karzhy-piramidasyna-basshylyk-etken-aktobelikten-70-mln-tenge-ondirildi_a3866874
https://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-eldiktin-zheti-tugyryn-atady_a3866023
<https://egemen.kz/article/253528-zhol-apaty-nege-kop>
<https://abai.kz/post/40608>
(<https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/view/1167/1060>) .
<https://ru.internews.kz/wp-content/uploads/2020/01/issledovanie-potrebnostey-mediasoobschestva-kazahstana.pdf>